

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Астана қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орын-жай беру туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 06-1291қ қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 30 қарашада нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 699 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 06-134 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 31.01.2014 № 06-134 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Астана қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарттық негізде орын-жай осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес берілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орын-жай беру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 06-713қ (Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 шілдедегі № 687 болып тіркелген; "Астана ақшамы" газетінің 2011 жылғы 30 шілдедегі № 85 нөмірінде және "Вечерняя Астана" газетінің 2011 жылғы 30 шілдедегі № 90 нөмірінде жарияланған), "Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін оларға орын-жай беру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 06-89қ (Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 18 ақпанында № 667 болып тіркелген; "

Астана ақшамы" газетінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 21 нөмірінде, 2011 жылғы 22 ақпандағы № 22 нөмірінде және "Вечерняя Астана" газетінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 21 нөмірінде жарияланған) қаулыларының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Астана қаласы әкімі аппаратының басшысы осы қаулының мемлекеттік тіркелуін, оны кейіннен ресми жариялануы мен Астана қаласы әкімдігінің Интернет ресурсында орнатылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А . Ғ . Балаеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

Астана қаласының қалалық
сайлау комиссиясының төрағасы *Қ. Құлмұқанов*
2011 жылғы 30 қараша

Астана қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 30 қарашадағы
№ 06 - 1291 қ қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Астана қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

Р/с №	Аудан	Орналастыру орны	Қондырғы түрі
1.	Алматы	Л. Мирзоян және А. Петров көшелерінің қиылысы ("Евразия" СҮ ауданы, Петров көшесі, № 24)	Құрылғы
2.	Алматы	Қажымұқан және А. Петров көшелерінің қиылысы (А. Петров көшесі, 1 мекен-жайы бойынша орналасқан ғимараттар ауданы)	Құрылғы
3.	Алматы	Ш. Уәлиханов және С. Сейфуллин көшелерінің қиылысы ("Артем" СҮ ауданы, С. Сейфуллин көшесі, № 47)	Құрылғы
4.	Алматы	Кенесары көшесі және Республика даңғылының қиылысы ("Халық банкі" АҚ, Республика даңғылы, № 26 ауданында)	Құрылғы
5.	Алматы	Ақжол көшесі ("Астықжан" СҮ ауданында)	Құрылғы
6.	Алматы	Абылай хан даңғылы және Манас көшесінің қиылысы ("Встреча" дүкенінің ауданы, Абылай хан даңғылы, № 29)	Құрылғы
7.	Алматы	Ш. Уәлиханов және А. Кравцов көшелерінің қиылысы ("Жастар" СҮ ауданы, А. Кравцов көшесі, № 6)	Құрылғы
8.	Алматы	Республика даңғылы және А. Бараев көшесінің қиылысы (Президенттік мәдениет орталығы ауданы, Республика даңғылы, № 2)	Құрылғы

9.	Алматы	Республика даңғылы және С. Сейфуллин көшесінің қиылысы ("Жастар" сарайы ауданы, Республика даңғылы, № 34)	Құрылғы
10.	Алматы	Кенесары және А. Сембинов көшелерінің қиылысы (Сауда-экономикалық колледжі ауданы, Кенесары көшесі, № 60)	Құрылғы
11.	Алматы	Кенесары көшесі, № 80 ("Қазақстан" СҮ ауданы)	Құрылғы
12.	Алматы	Күйші Дина көшесі, № 2 ("Аллергология орталығы" ауданында)	Құрылғы
13.	Алматы	Ш. Құдайбердіұлы даңғылы және Ғ. Мүсірепов көшесінің қиылысы (№ 7 қалалық емхана ауданы, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25)	Құрылғы
14.	Алматы	"Промышленный" тұрғын алабы, Шалготе көшесі ("Береке" СҮ ауданында)	Құрылғы
15.	Алматы	Л. Мирзоян және Б. Момышұлы көшелерінің қиылысы ("Тұран" мейрамханасы ауданы, Б. Момышұлы көшесі, № 21)	Құрылғы
16.	Есіл	Қабанбай батыр даңғылы, № 21 ("Азия Парк" СОО)	Алты қырлы пішін
17.	Есіл	Тұран даңғылы, № 37 ("Хан Шатыр" СОО)	Алты қырлы пішін
18.	Есіл	Қорғалжын тас жолы, № 1 ("Мега" СОО)	Алты қырлы пішін
19.	Есіл	Орынбор және Д. Қонаев көшелерінің қиылысы	Алты қырлы пішін
20.	Есіл	Сауран көшесі, № 7 (Есіл ауданының № 1 халыққа қызмет көрсету орталығы)	Алты қырлы пішін
21.	Есіл	"Пригородный" тұрғын алабы, Сарытоғай көшесі ("Хозяюшка" дүкені)	Алты қырлы пішін
22.	Есіл	"Заречный" тұрғын алабы, Аққұм көшесі, № 20 (Пошта)	Алты қырлы пішін
23.	Есіл	"Ильинка" Шығыс тұрғын алабы, Ақтамберді көшесі, № 9 (ЖДА учаскелік және дәрігерлік бекет)	Алты қырлы пішін
24.	Есіл	"Тельман" тұрғын алабы, Мұғалжар көшесі	Алты қырлы пішін
25.	Есіл	Тұран даңғылы, № 19/1 (Есіл ауданының Салық комитеті)	Алты қырлы пішін
26.	Сарыарқа	Кенесары көшесі, № 32 ("Конгресс-Холл")	Құрылғы
27.	Сарыарқа	Бейбітшілік көшесі, № 25 ("Өркен" бизнес орталығы)	Құрылғы
28.	Сарыарқа	Жеңіс даңғылы, № 33 (Қазақ ұлттық өнер университеті)	Құрылғы
29.	Сарыарқа	Бейбітшілік көшесі, № 49а ("Астана" медицина университеті)	Құрылғы
30.	Сарыарқа	Бейбітшілік және І. Есенберлин көшелерінің қиылысындағы шағынгүлбақ	Құрылғы
31.	Сарыарқа	І. Есенберлин көшесі, № 10 (К. Бәйсейітова атындағы Опера және балет театры)	Құрылғы
32.	Сарыарқа	310 Гвардия дивизиясы алаңы ("Астана" теміржол вокзалы)	Құрылғы
33.	Сарыарқа	Ш. Бейсекова көшесі ("Астықжан" дүкені)	Құрылғы
34.	Сарыарқа	"Көктал" тұрғын алабы, Алмалық көшесі, № 1 ("НАЗ" театры)	Құрылғы
35.	Сарыарқа	"Өндіріс" тұрғын алабы, Тайбұрыл көшесі, № 17 (№ 23 орта мектебі)	Құрылғы

Астана

қаласы

әкімдігінің

2011

жылғы

30

қарашадағы

№

06 - 1291 қ

қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Астана қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесу өткізу үшін берілетін орын-жай

Р/с №	Аудан	Орын-жайдың орналасқан жері мен мекен-жайы	Орын-жайдың атауы	Орын саны
1.	Алматы	Президенттік Мәдениет орталығы, Республика даңғылы, № 2	акт залы	350
2.	Алматы	"Жастар" сарайы, Республика даңғылы, № 34	акт залы	940
3.	Есіл	"Қазақстан темір жолы" ҰК АҚ, Д. Құнаев көшесі, № 6	акт залы	600
4.	Есіл	"Қазақстан" ОКЗ, Сығанақ көшесі, № 33	акт залы	200
5.	Сарыарқа	"Джафар" СО, Бөгенбай батыр даңғылы, № 47	акт залы	200
6.	Сарыарқа	"НАЗ" би театры, "Көктал" тұрғын алабы, Бабатайұлы көшесі, № 1	акт залы	240
7.	Сарыарқа	"Ақмола вагон жөндеу зауыты" АҚ, "Өндіріс" тұрғын алабы, Тайбұрыл көшесі, № 7/2	акт залы	80

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК